

2.Шығармалары

(повестері)

2007 жылы М.Сәрсекке «Егемен Қазақстан» газетінде «Қаныштың ізбасар інісі» деп айшықтаған, өзінің институттағы сүйікті ұстазы, академик, химия ілімін ілгері дамытушы атанған біртуар тұлға, кәнігі әдебиетші, ақын, аудармашы Ебіней Арыстанұлы Бөкетов туралы көлемді ғұмырнама жариялады. «Қазақстан» және «Фолиант» баспаларының жарыса шығарған сериялық бір кітапқа қойған айдары да өзара үндес: бірі – «Гибратты ғұмыр», екіншісі – «Нартұлға».


2015 жылы «Фолиант» баспасынан «Нартұлға» сериясымен аты аңызға айналған тарихшы ғалым Ермұхан Бекмахановтың ғұмырнамалық деректі кітабы жарыққа шықты.

Медеу Сәрсекке туған халқына адал қызмет еткен үш бірдей алаш азаматын өлмейтін кітапқан кейіпкер қылуға күллі саналы өмір жолын арнады. 2016 жылы жазушы өзінің 80 жасқа толуы қарсаңында «Фолиант» баспасынан «Семей қасіреті» деп атаған, көлемі 852 бет, сыпыра шерге толы кітабын жариялады. 1949-91 жылдары жасалған ядролық жарылыстардың дүмпуін білетін (жазушы алғы сөзінде «37 жыл және екі ай радиация күлін жұтқан пендемін» депті), қаламгер өз көзімен көрген сұмдықтың, өз қолымен көмген ағайын-туыстың ауыр тақсыретін бастан-аяқ бүкпесіз баяндайды.

"Ғажайып сәуле" (1959), "Көрінбестің көлеңкесі" (1960), "Жетінші толқын" (1964), "От және атом" (1965) повестері жас жеткіншектерге арналған.

Өндіріс адамдары жайлы "Жеті жылдықтың жігіттері" очерктер кітабы (1961), "Қаз қайтқанда" (1968), "Айшықты мезет" (1969) деректі повестері жарияланды. "Сәтбаев", "Ебіней Бөкетов" (2005) атты деректі ғұмырнамаларын (1980, 1989), "Шығыс хикаясы" пьесасын (1971), "Жаңғырық" (1979), "Көмбе" (1985) романдарын жазды. А.Беляевтің "Қос мекенді адам" романын қазақ тіліне аударған. "Құрмет" орденімен (2001), "Еңбектегі ерлігі үшін" медалімен (1970), Қазақстан Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Сәрсекке М. Ермұхан Бекмаханов: ғұмырнама. - Астана: Фолиант, 2010. - 672 б.



Деректі жанрдың шебері Медеу Сәрсекке шерменде тарихшының ғұмырын қаз қалпында баяндап, оның жолын кескен қаскүнем замандастарының есімдері де, қастандық әрекеттерін де ҰҚК-нің жабық мұрағатынан алған деректер арқылы сипаттайды. Кешегі кер заманның қитұрқы зауалын бүкпесіз ашып, билік басындағылардың да сорақы қылықтарын әшкерелейтін туынды бүгінгі оқырманды бей-жай қалдырмайды.

Сәрсекеев М. Айшықты мезет: повестер. - Алматы: Жазушы, 1969. - 148 б.




Кітапта автордың қиялынан туған оқиға жоқ, кейіпкерлерінің бәрі өмірде болған адамдар. Сол бір ер тұлғалы, қажырлы жандардың өшпес ерліктерін қайта жандандыру үшін автор он жылға тарта еңбек еткен. Кітаптың тілі көркем, оқиға желісі тартымды.

Сәрсекеев М. Көрінбестің көлеңкесі: ғылыми-фантастикалық повесть. - Алматы: «Көркем әдебиет», 1960. - 128 б.



Жазушы хикаятта Кенбі тауында жанартау атқылауын негіз етеді. Жанартау күшін жүгендеу, оны қауым игілігіне жарату – шығарманың түйіні. Қаламгер шығармасында Жаратушы кереметінің дүр құпиясын тануға бағытталған ғылым талпынысы айшықты суреттелген. Повесть шытырман оқиғаларымен нанымды, әрі қызықты оқылады.



Сәрсекеев М. Жетінші толқын: ғылыми-фантастикалық повесть. - Алматы: Қазкөркемәдеббас, 1964. - 172 б.

Электр тогын сымсыз, әуе толқыны, радио толқыны арқылы тарату арман, қиял болғанымен әлі-ақ жүзеге асатын іс. Оған адам баласының ақыл-ойы, прогресшіл заманымыз кепіл.

Медеу Сәрсекенің бұл повесінде осындай арманды көксеген өнерпаз жас инженер Шынтастың, оның ашқан жаңалығын біліп, кітап жазуға ынтыққан журналист Қайсардың басынан кешкен шым-шытырық оқиғалары суреттеледі. Қазақ тілінде ғылыми-фантастикалық тақырыпқа жазылған кітаптар,

көркем шығармалар көп емес. Автордың бұл еңбегін әдебиетіміздің осы жанрына қосылған сүбелі үлес деуге болады.

Сәрсекеев М. Жетінші толқын: ғылыми-фантастикалық повесть пен әңгімелер. - Алматы, «Жалын», 1977. - 188 б..



Жазушы Медеу Сәрсекеевтің «Жетінші толқын» атты ғылыми-фантастикалық повесі кезінде көпшіліктің жылы лебізіне ие болып, әдеби қауымнан жақсы баға алған болатын. Оқушылардың кейбір ой-пікірлеріне орай автор бұл шығармасын қайта қарап, аздаған өзгерістер енгізді. Жинаққа енген «Түнгі қонақ», «Қойшы-шофер» әңгімелері де тартымды оқылады.

Сәрсекеев М. Құғындалған «Сәтбаев»: естелік-эссе. - Алматы: Шабыт, 1994. - 244 б.



Оқырман қауымға жақсы мәлім жазушы М.Сәрсекеевті кешегі Одақ көлеміне танытқан бір шығармасы - «Тамаша адамдар өмірі» (ЖЗЛ) топтамасымен жарық көрген «Сәтбаев» романы. Ол туындыда ғұламалығы бүкіл әлемге әйгілі болған академик, қазақ халқының біртуар перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ғалым, ұйымдастырушы, мемлекет қайраткері ретіндегі бейнесі жасалды. Бірақ, ақиқатты арқау еткен ол кітаптың көптеген қиыншылықпен шыққаны жұртшылыққа белгісіз еді. Құғындалған «Сәтбаев» сол келеңсіздікті өкінішпен, ашыныспен айтады.

(Драммалық шығармасы)

"Шығыс хикаясы" пьесасын (1971)

Қаламгердің проза саласында қол жеткізген табыстары драматургия жанрында да жалғасын тапты. Оның ұшқыр қаламынан 1968 жылдан беріде 7 драма туған. Солардың төртеуі Семейдің, Арқалықтың, Жетісай, Талдықорған мен Алматы театрларында көп жылдар бойы табыспен жүрді.

Оның «Шығыс хикаясы» драмасы осындай талаптан, яки әлеуметтік сұраныстан туған. «Заңды неке» күлдіргі комедиясында небәрі төрт-ақ кейіпкер бар. Жұрт назарына ұсынған қарапайым – отбасының бірлігі, ерлі-зайыпты, некелі жандардың етене тірлігі. Семей көрермені бұл қойылымды қызыға көрді. Театр басқа облыстарға гастрольге барғанда, осы туындыға сұраныс ерекше жиі болған. Медеу Сәрсекенің «Заңды неке» атты комедиялық пьесасы театр сахнасында тұсауын алғаш рет 1988 жылы кесіп, көрермендер көзайымына айналды.

Драматургияның қатпарлы сырларын жан-жақты меңгерген жазушы көрермендеріне «Тендерге түскен келіншек» пьесасын ұсынды. «Алаш айнасы» газетіне (2011, 28 маусым) берген сұхбатында ол драмаға түрткі болған жайтты айқара ашып: «Тегінде мен пьеса жазуды кәсіп еткен қаламгер емеспін. Әлдебір оқиға ішіме сыймай, ұйқым бұзылған кезде ғана соны драмаға айналдырамын. Бірде өзім тұратын үйдің ауласында демалып отырғанымда қоқыс жәшігінен шөлмек жинап жүрген мосқал жастағы ер адамды қасыма шақырып, әңгімеге тарттым. Ол маған осы тірлікке қалайша душар болғанын егіле сөз етті. Қысқасы, сол күнгі әңгіме қалам тербеуге дәнекер болды...» - деген.

Драматургия жанры, тегінде, қаламгер қауымы үшін – өзгеше мектеп, оқиғаны ширақ желіге құрып, сөз көпірін шақтап қолдануға үйретеді. Медеу Сәрсекенің, өзінің мойындауынша, пьеса жазумен шұғылдануы сондықтан.

(Романдары)

"Жарылыс" (1979)

"Көмбе" (1985)

Медеу Сәрсекенің өндіріс тақырыбындағы романдары жазушылық шеберліктің жене бір баспалдағына көтерілгендігін, әдеби өскендігін айғақтайды. Оның қаламы толғаған «Жарылыс» («Взрыв») жене «Көмбе» («Клад») романдарын оқырман қауым кезінде өте жоғары бағалаған.

«Жарылыс» романы – кеңестік дәуірдегі өндірістің тыныс-тіршілігін білгірлікпен суреттеген кең ауқымды шығарма. Жазушының «Жарылысқа» ілесе жазған екінші романы- «Көмбе». «Жарылыс» пен «Көмбе» романдары бірін-бірі толықтыра түсетін кең тынысты туындылар.

Медеу Сәрсекке кейіпкерлерінің өсу жолы- газа даласындағы өнеркәсіптің өсу жолы. Жазушы соларды іздеп тауып, жеріне жеткізе ұлықтап, отандық индустрияның шаңырағын көтеруші, басты қайраткері етіп даралап,

солармен бірге тізе қоса еңбек еткен жұмысшы, инженер, ғалымдардың да жиынтық бейнелерін тұлғалап, ортақ ізденістері туыстырған өнегелі өмірлерін көркем әдебиеттің зерттеу объектісіне айналдыра білді.

Сексенінші жылдары бұл екі кітап Мәскеудің әдеби журналдары мен баспаларында жарық көріп, Одақтық әдеби қауымның ілтипатына ие болды. Осы роман оқиғасы бойынша қойылған «Жарылыс» пьесасы Алматыдағы М.Ю.Лермонтов атындағы академиялық орыс театры мен Семейдегі газа театрында сәтті қойылып, көрермен ықыласына бөленді.